

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Қурайлы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 қыркүйекте № 5657 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Қурайлы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Қурайлы ауылдық округі әкімінің 26.12.2017 № 8 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ақтөбе қалалық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының міндетін атқарушысының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 5-2/360 ұсынысы негізінде, Қурайлы ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Ұсақ мүйізді қара малының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Қурайлы ауылдық округі Георгиевка ауылындағы Ақтөбе көшесі бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Қурайлы ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушысы*

А.Б.Шалабаев